

**Жергілікті атқарушы органдардың су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беруі ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 119 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2125 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.15 № 2125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен*

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 17 және 18-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жергілікті атқарушы органдардың су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беруі ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Су тоғандарын жеке пайдалануға беру тәртібі жөніндегі нұсқауды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 желтоқсандағы N 1483 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 49, 558 - құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 26-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

30

қаңтардағы

N

119

қаулысымен

бекітілген

**Жергілікті атқарушы органдардың су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беруі**

**Ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жергілікті атқарушы органдардың су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беруі ережесі Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес әзірленді және жергілікті атқарушы органдардың су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беруі тәртібін белгілейді.

2. Тұйық су объектілері немесе олардың бір бөлігі ғана оқшау және бірлесіп пайдалануға беріледі.

3. Кәсіпшілік балық аулау мақсаттары үшін жеке және заңды тұлғаларға су объектілері немесе олардың бір бөлігін оқшау және бірлесіп пайдалануға беру Қазақстан Республикасының балық ресурстарын және басқа да су жануарлары түрлерін қорғау, молайту әрі пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

## **2. Жергілікті атқарушы органдардың су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беруінің тәртібі**

4. Жеке және заңды тұлғаларға су объектілері немесе олардың бір бөлігін оқшау және бірлесіп пайдалануға жергілікті атқарушы органдар конкурстық негізде береді.

5. Оларға су объектілері немесе олардың бір бөлігін оқшау және бірлесіп пайдалануға берілуіне мүдделі жеке және заңды тұлғалар объектінің орналасқан жерін, су пайдалану мақсаттары мен мерзімін көрсетіп, қажетті негіздемелерімен бірге аудандық атқарушы органдарға (республикалық маңызы бар қала, астана) өтініш жібереді.

6. Өтініш түскеннен кейін жергілікті атқарушы орган су объектісінің сипаттамасына қарай оны тиісті бассейндік су шаруашылығы басқармасына (бұдан әрі - БСШБ) келісуге жібереді.

7. Ұсынылған материалдарды қарап, БСШБ 10 күн мерзімде су объектісін пайдаланудың белгілі бір шарттарымен осы су объектісін оқшау және бірлесіп пайдалануға беруден бас тарту немесе келісу туралы шешім шығарады.

Егер су объектісі ауданаралық немесе облысаралық болып табылса, облыстық атқарушы органға, егер су объектісі ішкі аудандық (ішкі қалалық) болып табылса, келісілген материалдар аудандық (қалалық) атқарушы органға жіберіледі.

8. Келісілген материалдар алынғаннан кейін жергілікті атқарушы орган оның құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерін енгізіп, конкурстық комиссия құрады.

9. Конкурстық комиссия су объектісін немесе оның бір бөлігін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру шарттарын әзірлейді әрі бекітеді, конкурс өткізу тәртібін анықтайды.

Су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру шарттарын айқындау кезінде оларға белгіленетін су сервитуттары немесе шаруашылық қызметі режимінің ерекше шарттары көрсетіліп, жеке және заңды тұлғалардың су

объектісін ұтымды пайдалану және су ресурстарын молайту мен қорғау бойынша іс-шаралар жүргізу жөніндегі ұсыныстары ескеріледі.

Егер ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші жер учаскесінің аумағындағы су объектісін оқшау пайдалану үшін сұратса, онда ол осы су объектісін алуға басқалардың алдында басым құқыққа ие.

10. Конкурстың қорытындысы бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган су объектісін немесе оның бір бөлігін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды.

11. Егер су объектісін немесе оның бір бөлігін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы облыстық атқарушы орган қабылдаса, онда ол оны оқшау немесе бірлесіп пайдалану құқығын куәландыратын құжатты беру жүктелген аудандық (қалалық) атқарушы органға жібереді.

12. Жеке және заңды тұлғаларға оқшау немесе бірлесіп пайдалану құқығын куәландыратын құжатты су объектісі немесе оның бір бөлігі орналасқан жердегі аудандық (қалалық) атқарушы орган конкурстық комиссия шешімінің негізінде немесе облыстық атқарушы орган шешімін орындау тәртібімен береді.

13. Оқшау және бірлесіп пайдалануға берілген су объектілерінде жергілікті өкілді органдар БСШБ-мен келісім бойынша белгілеген шарттармен су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен үлгі ереже негізінде ортақ пайдалануға рұқсат етіледі.